

## Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округіне қарасты "Арнал" шаруақожалығының ірі қара малдарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 11 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 7912 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 1 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 18.01.2021 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі).

**З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 35-бабы 1-тармағының 14-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 21 шілдедегі № 01-26/392 ұсынысына сәйкес, Бозанбай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ирі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округіне қарасты "Арнал" шаруақожалығының ірі қара малдарына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Бозанбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы шешімді аумақтық Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап, он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін Ұлан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін, Ұлан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бозанбай ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Мухтаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК